12-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Витгенштейннің кейінгі философиясы және Витгенштейннен кейінгі аналитикалық философия

1930 жылдары Витгенштейн Ұлыбританиядағы ең ықпалды философия оқытушысына айналды. Осы кезеңде ол эпистемология мен ақыл-ой философиясын басын аяғына келтіріп, төңкеріп тастады. Оған Декарттан Шликке дейінгі философтар тысқары қоғамдық әлем туралы ғылыми немесе қисынды ақылға тән білімдерді интуиция немесе тәжірибеден туындайтын қорытынды, тікелей дербес деректер ретінде көрсетуге талпынды. Осы жылдары Витгенштейн білімдер мен сенімдерден тұратын негізден алшақ сияқты болып көрінетін дербес тәжірибе, шын мәнінде, өз бетінше ортақ қоғамдық әлемді білдіретін болмыс екенін көрсетті. Біздің жан сырымызды және іште жатқан ойларымызды жеткізу үшін қолданатын сөздеріміздің өзі ортақ тысқары дискурста қолданылатын сөздермен бірдей мағынаны білдіреді. Философияның мәселесі – дербестен қоғамдық идеяны құру емес, әлеуметтік дүниелер контекстінде дербес дүниені дұрыс бағалау.

Философияға қайта оралған соң Витгенштейн «Трактаттың» көптеген тезистерінен бас тартты. Ол логикалық атомдарға сенуді қойып, жалпыға ортақ сөйлеуде жасырынған логикалық түрде қисындалып, құрылған тілді іздеуді тоқтатты. Логикалық атомизмнің айқындаушы доктринасы мынада: әрбір қарапайым пропозиция кез келген басқа қарапайым пропозицияға тәуелді емес. Бұл позитивистердің хаттамалық пайымдарына сәйкес келмейтіні анық: «Бұл қызыл қиынды» дейтін ақиқат-мән «Бұл көк қиынды» деген ақиқат-мәннен тәуелсіз емес. Осыған байланысты ой өрбіту Витгенштейнді қарапайым және қарапайым емес пропозициялар арасындағы айырмашылыққа күмәнмен қарап, тілдің түпкі элементтері – қарапайым объектілерді білдіретін атаулар дейтін идеядан бас тартуға мәжбүр етті.

Витгенштейн «Трактатта» тіл мен әлем арасындағы байланыстарды қатты жеңілдетіп жібергеніне көзі жетті. Олардың арасындағы байланыс тек екі элементтен ғана құралуы тиіс еді: атауларды объектілерге сілтеу және пропозициялардың фактілерге сай болуы немесе сай болмауы. Оның пікірінше, бұл үлкен қателік болды. Ажыратушы басқыш тежеуші басқышқа қалай ұқсаса, сөздер де бір-біріне солай ұқсайды; осы екі басқышпен басқарылатын механизмдер бір-бірінен қалай өзгешеленсе, сөздер де өздерінің функциясына қарай бір-бірінен айрықшаланады. Ендігі жерде Витгенштейн тіл әлеммен әртүрлі жолмен байланысады деп көрсетті: осы байланыстарды айқындау үшін ол «тіл-ойын» деген сөз тіркесті ойлап тапты.

Тіл-ойындарының үлгілері ретінде Витгенштейн бағыну мен бұйрық беруді, заттардың сыртқы түрін сипаттауды, сезімдерді білдіруді, өлшемдерді кескіндеуді, сипаттаудан алынған объектіні құруды, оқиғаны мәлімдеуді, болашақ туралы толғануды, әңгімелерді ойлап табуды, әрекет етуді, жұмбақ жасыруды, әзіл айтуды, сұрауды, қарғап-сілеуді, амандасуды және дұға етуді тізбектейді. Егер біз тілді түсінгіміз келсе, онда осы және басқа да көптеген тіл-ойындарының барлығы қарастырылуы тиіс. Сөздің мағынасы дегеніміз – оның тіл-ойындағы қолданылуы деп айта аламыз – бірақ бұл Мағынаның бас теориясы емес, бұл жай ғана мынаны еске салады: егер біз сөздің мән-мағынасын білгіміз келсе, оның біздің өміріміздегі алар орнын зерделеуіміз қажет. «Ойын» сөзінің қолданылуы тілдің жеңіл-желпі қарауға болатын бірдеңе екендігін білдірмейді; бұл сөздің таңдалу себебі – ойындар лингвистикалық іс-әрекет сияқты алуандылықты меңзейді. Ойындардың бәрін ойындар ретінде ерекшелейтін ортақ бір белгісі жоқ, сол сияқты тіл үшін өте маңызды мәнге ие ешбір функция жоқ – бұл жерде тек шексіз тіл ойындарының арасындағы ұқсастық топтары ғана бар.

Витгенштейн өзінің «философия – іс-әрекет емес, теория» дейтін бұрынғы пікірінен ешқашан айнығаны емес. Философия ешқандай жаңа ақиқаттарды ашпайды, ал философиялық проблемалар жаңа ақпаратты ашу арқылы емес, өзіміздің бұрыннан білетін нәрселерімізге қайта қарау арқылы шешіледі. Витгенштейн бірде айтқандай, философияның міндеті – ойлауымыздағы түйіндерді шешу. Бұл дегеніміз – философтың қозғалыстары өте күрделі, ал оның нәтижесі жіптің бір қиындысы сияқты қарапайым болмақ.

Философия бізге тіліміздің тұзағына түсіп қалмау үшін қажет. Тіліміздің грамматикасының үстіңгі бетінде жүзеге асырылатын философия тілдің әлеуметтік, тұлғааралық іс-әрекет ретіндегі қызметінің алуан түрлі тәсілдерін жасыра отырып, бізді еліктіріп алып кетеді. Егер біз күнделікті міндеттердің бастапқы үйі болатын тіл-ойынның ішіндегі сөздерді қолданумен шектелсек, философиялық түсінбеушілік бізге зиян келтірмейді. Алайда егер біз математиканың, не психологияның, не теологияның абстрактілі зерттеулеріне кірісіп кетсек, онда ойлаудың

салмағы ауырлап, біз философиялық шатасудан арыла алмай-ақ қоямыз. Интеллектуалды ізденіс сандардың, не ақыл-ойдың, не жанның табиғаты туралы мифтік түсініктермен бұрмаланып кетеді.

Позитивистер сияқты, Витгенштейн метафизикаға қарсы болды. Бірақ ол метафизиканы верификация принципі сияқты қолайсыз құралмен емес, метафизикалық жүйелердегі трюизм мен мәнсіздіктің шатысқан қоспасын тарқатуға мүмкіндік беретін айырмашылықтарды суреттеу арқылы еңсермек болды. Философтар «білім», «болмыс», «объект», «Мен», «пропозиция», «атау» сияқты сөздерді қолданып, осы нәрселердің мәнін түсінуге талпынғанда: осы сөз, шын мәнінде, оның бастапқы үйі болатын тілде дәл осы нақышта қолданыла ма? – деген сұрақты өз-өздеріне қойып отыруы тиіс. Біздің шаруамыз – сөздерді олардың метафизикасынан күнделікті қолданысына қайтару.

Соғыстардың арасында Кембриджде дәріс беріп жүріп, Витгенштейн ештеңе жариялаған жоқ. Ол дәптерлерді толтырып, көп жазды, қолжазбаларын құрап, қайта түзетті, өз шәкірттерінің арасында елеулі үлестірме материалдарын таратып жүрді, ал олар, өз кезегінде, оның дәрістері туралы егжей-тегжейлі жазбаларды жинақтап, сақтап келді. Бірақ бұл материалдардың ешқайсысы ол қайтыс болғанша жарияланған жоқ. Оның идеялары, көбіне, ауызша, мағынасы бұрмаланған түрде таралды.

Аустрия 1938 жылы Аншлюс арқылы нацистік Германияның құрамына кіргенде, Витгенштейн британдық азамат аталды. Соғыс кезінде ол фельдшер болып қызмет етті де, 1947 жылы өз орнына финн шәкірті Георг Хенрик фон Райтты қалдырып, Кембридждегі кафедрадан қол үзді. Ол философиялық еңбектер жазуды, достары және шәкірттері арасында философиялық ойларымен бөлісуді тоқтатқан жоқ. Ирландияда біраз уақыт жалғыздықта өмір сүргеннен кейін, ол 1951 жылы 62 жасында дүниеден озғанша, Людвиг Витгенштейн Оксфорд пен Кембридждегі достарының үйлерінде тұрып жүрді.

Витгенштейннен кейінгі аналитикалық философия

1949 жылы Оксфордтың Метафизика профессоры Гилберт Райл «Ақыл-ой концепциясы» атты кітабын жария етті. Осы еңбекте жария етілген идеялар Витгенштейннің идеяларына өте жақын болды. Райл айтарлықтай анти-Картезиандық бағытты ұстанды, оның кітабының бірінші тарауы да «Декарттың Мифі» деп аталды. Райл «қалай екенін білу» және «не екенін білу» арасындағы айырмашылықты атап көрсетті, бұл көзқарасқа Хайдеггер ықпал еткен болуы мүмкін. Оның ерік пен эмоцияларға қатысты пікірлері көптеген философтардың британдық эмпириктерден мұра болып қалған ішкі әсерлер туралы түсінігін жойып жіберді. «Диспозициялар мен Оқиғаларға» арналған тарауда ол замандас философтардың назарын актуалдылық пен потенциалдылық формаларының арасындағы аристотельдік айырмашылықтардың маңыздылығына аударды. Оның сезімдер, қиялдар мен интеллектіге қатысты ұстанымдары бихевиоризмге тым жақын болғандықтан, бұл оның баршаға ортақ мойындалуына кедергі жасады. Дегенмен бұл кітап аналитикалық ақыл-ой философиясының классикалық туындысы болып қала берді.

1953 жылы өзі дүниеден озған соң Витгенштейннің «Философиялық зерттеулері» жарыққа шыққанда, Райлдың көрнекі, бірақ өрескел етіп көрсеткен идеялары әлдеқайда шебер және түп-тереңінен тиянақталып, алға тартылғанын көруге болады. Райлдың өз идеяларын өрбіту барысына Витгенштейнмен арадағы әңгімелері және оның Кембридждегі дәрістері қалай ықпал еткені, әрі бұл жетістікке жетуде оның өз алдына дербес ой-өрісі қаншалықты маңызды екендігіне қатысты пікір-таластар әлде де жетерлік.

Витгенштейн өзінің әдеби мұрасына қатысты авторлық құқықты өзінің үш шәкіртіне: Георг Хенрик фон Райтқа, Элизабет Анскомбқа және Раш Ризге мирас етті. Бұл үш философ Витгенштейннің жеке тұлғасы мен еңбегінің түрлі қырларына сай болды. 1948 жылдан 1951 жылға дейінгі аралықта Витгенштейннің Кембридждегі орнын басып, кейіннен өзінің отаны Финляндияға оралған Фон Райт «Трактатты» жазған логик Витгенштейнге ұқсас болды; оның атағын шығарған алғашқы кітаптар индукцияға, ықтималдылық пен модальді логикаға

негізделді. Оксфорд оқытушысы Анскомб Кембриджгегі кафедра меңгерушісі лауазымын ғасырдың соңына дейін атқарып келіп, кейінгі Витгенштейннің ақыл-ой философиясы бойынша еңбегін жалғастырды, оның «Интенция» атты кітабы практикалық ойлау мен іс-әрекет теориясын кеңінен талқылауға бастау болды. Осы үшеуінің арасында Риз Витгенштейн мінез-құлқының мистикалық және фидеистік қырына ең сезімтал шәкірті болып, Уэльсте дін философиясының ерекше мектебін құруды қолға алды.

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы онжылдықтарында әдеби мамандар Витгенштейннің ауқымды «Мұра» атты еңбектер жинағын жариялауға байланысты бірлесе қызмет етті. Бұл жұмыстың нәтижесінде көптеген томдар жария болды, олардың арасындағы ең елеулілері – соғысқа дейінгі қолжазбалардан құрылған «Философиялық грамматика» (1974) мен «Философиялық жазбалар» (1975), әрі Витгенштейннің кейінгі, өзі дүниеден озғанша жазған дәптерлерінен жинақталған «Математика негіздері туралы жазбалар» (1978), «Психология философиясы туралы жазбалар» (1980) және «Анықтық туралы» (1969). Толығымен «Мұра» атты топтама Берген университеті даярлаған транскрипциясы, факсимилесімен және электронды нұсқасымен 1998 жылы Oxford University Press баспасында жарияланды.

Витгенштейн дүниеден озған соң көпшілік қауым ағылшын тілді философиясы «ақсақалының» орнын У.В.О. Куайн (1908–2000) басты деп санады. Ресми түрде логика маманы ретіндегі орнын ерте таныта білген Куайн өз уақытын Веналық топ құрамында және Прага мен Варшавада өткізді. 1936 жылы Құрама Штаттарына оралған соң ол Гарвард факультететіне орналасып, әскери-теңіз флотындағы әскери қызметіне кеткен жылдарды санамағанда, сол жерде кәсіби ғұмырының соңына дейін еңбек етті. Оның ең елеулі туындылары: «Бар нәрсе туралы» және «Эмпиризмнің екі догмасы» атты екі танымал эсседен құралған «Логикалық көзқарас тұрғысынан» (1953), әрі оның ғылыми ұстанымының негізін құрап, оншалықты елеулі емес зерттеулерімен толықтырылған еңбегі – «Сөз және Объект» (1960).

Куайнның философиядағы мақсаты – әлемнің натуралистік сипаттамасын ғылым, әсіресе физикалық ғылым тұрғысынан түсіндіруге арналған негіздемені қамтамасыз ету. Бұл мақсатты орындау үшін ол әрі эмпирикалық, әрі бихевиористік сипаты бар тілді талдауды ұсынды. Әлемді түсіндіруге арналған теориялардың барлығы (формальды немесе ғылыми болсын) біздің сезімдеріміздің рецепторларының мағынасына негізделеді. Теорияларда кездесетін барлық терминдер мен сөйлемдер оларды қолданатын ораторлар мен тыңдармандардың көзқарасы тұрғысынан анықталуы тиіс. Айтылатын сөз мағынасының негізгі формасы – стимулдың мән-мағынасы: тілді пайдаланушыны осы айтылатын сөзбен келісуге итермелейтін барлық стимулдардың класы.

Өзінің радикалды эмпирикалық бағдарламаға деген ұмтылысына қарамастан, Куайн «Эмпиризмнің екі догмасы» атты еңбегімен философияға деген алғаш елеулі ықпалын тигізді (1951 жылы жазылған). Ол өз ұстанымының екі мақсатын былайша түсіндірді:

Біріншісі – ақиқаттар арасындағы белгілі бір түбегейлі айырмашылықтың барына сену, яғни олар аналитикалық немесе фактілерден тәуелсіз мән-мағынаға негізделген және синтетикалық немесе фактіге арқа сүйейтін болып бөлінеді. Екінші догма – редукционизм: әрбір мән-мағынасы бар пайым тікелей тәжірибеге қатысты терминдердің белгілі бір қисынды құрылымына тең болатынына сену.

Куайн логикалық ақиқат пайымдардың, яғни олардың логикалық емес терминдерін қалай түсіндірсе де ақиқат болып қала беретін пайымдардың болатынын теріске шығарған жоқ, мысалы, «Ешбір үйленбеген ер адам үйленбеген». Бірақ біз осындай логикалық ақиқат пайымнан «Ешбір бойдақ үйленбеген» деген сияқты аналитикалық іспетті пайымға өте алмаймыз, себебі бұл «үйленбеген» және «бойдақ» сөздерінің синонимдер ретінде қабылдануына тәуелді. Ал синонимия дегеніміз не? Сөйлем құрамындағы бір сөзді екіншісі алмастырғанда, одан оның ақиқатты құндылығы өзгермейтін болса, оларды синонимді деп атаймыз ба? «Жүрегі бар ағза» мен «бүйрегі бар ағза» да осы мәнерде өзара алмастыруға лайық, бірақ «Жүрегі бар ағзалардың бәрінің бүйрегі бар» деген пайым аналитикалық болады деп ешкім ұйғармайды. Сондай-ақ, аналитикалық сипатты анықтау үшін қандай да бір қажеттілік ұғымына сілтеме жасай алмаймыз; түсіндірме қарама-қарсы бағытта болуы тиіс.

Сөйлемді тәжірибе арқылы тексеруге немесе жалған екендігін анықтауға болса ғана ол синтетикалық болатынын айта отырып, осы сөйлемде нақты ненің синтетикалық болатынын

анықтауға талпынып көруге тиіспіз бе? Куайн бұл әрекеттің верификацияның жалған концепциясына негізделетінін айтады: мұндағы тексерілетін немесе жалғандығы анықталатын жекелей сөйлемдер емес, тұтастай бір жүйелер. «Сыртқы әлем туралы біздің пайымдарымыз сезімдік тәжірибенің сынына жеке-дара сөйлемдер ретінде емес, жалпылама бір жүйе ретінде тап болады» (FLPV 140).

География мен тарихтың мүлде кездейсоқ сауалдарынан бастап атомдық физиканың немесе жоғары математика мен логиканың ең іргелі заңдарына дейінгі біздің білімдеріміздің немесе сенімдеріміздің жиынтығы – шет-жағасы ғана тәжірибеге негізделетін адам қолынан жасалған жүйе немесе, басқаша айтар болсақ, ғылымның өзі тек шекарасы ғана тәжірибеге сүйенетін күш алаңына ұқсас. Осы шекарадағы тәжірибеге тап болғанда туындайтын қарама-қайшылықтар осы алаңның кей тұстарының түзетуге ұшырауына алып келеді. Ақиқатты құндылықтар біздің пайымдарымыздың кейбіріне байланысты қайта құрылуы тиіс болады. Бір пайымдарды қайта қарау логикалық өзара байланыстарына – логика заңдарына сай, өз кезегінде, осы саладағы белгілі бір қосымша элементтерге қатысты жүйенің басқа бір пайымдарын қайта қарауды талап етеді.

Демек, қандай жағдай болса да үнемі ақиқатты болып қала беретін аналитикалық пайымдар класын бөліп көрсету дұрыс емес. Кез келген пайым осы жүйенің басқа тұсындағы түбегейлі өзгерістер енгізетін болсақ, ақиқатты болуы мүмкін. Басқа жағынан қарасақ, ешбір пайым – тіпті логика заңы болсын – қайта қарағаннан мүлде өзгеріске ұшырамайды деуге келмейді. Жалпы ғылымның өзі тілге де, тәжірибеге де тәуелді, бірақ бұл екіжақтылық жекелей сөйлемдерде анық көрінбейді.

Егер синонимия мен аналитика тұрғысынан ұғымдардың мағынасы жоқ болатын болса, онда мән-мағына ұғымының өзі күмәнді болады, себебі мән-мағынаның барабарлығының өлшемдері болуы мүмкін емес. «Әлбетте, – дейді Куайн, – сенім немесе түсіну сияқты интенциялық тұжырымдарға жүгіне отырып ұғынатын дүниелердің заттай үлгісі жоқ. Мән-мағынаны вербалды мінез-құлыққа байланысты орын алатын сенсорлық стимулдарды салыстыру арқылы экстенционалды терминдердің көмегімен ғана түсіндіруге болады. Куайн мүлде бөтен тілден өз тіліне аударма жасамақ болып, өзінің жалғыз деректері ретінде «жергілікті тұрғынның сыртқы көрнекі сипаттарынан білінетін күштерді және жергілікті тұрғынның байқалатын мінез-құлқы, дауысы және басқа қырларын» қолданатын алқаптық лингвистті мысалға келтіреді.

Куайнның ойша экспериментінің нәтижесі – белгісіздіктің үш деңгейін бөліп көрсету. Біріншіден, индивидуалды референцияның белгісіздігі бар. Лингвист жергілікті тұрғындардың «гавагай» дыбысын тек қана қояндар бар жерде ғана қолданатынын байқауы мүмкін. Бірақ – бұл бақылау пайымы деген тұжырым жасайтын болсақ та – ол қоянның өзіне, қоянның шөп арасында жалт етіп көрінгеніне немесе қоянның белгілі бір бөлігіне қатысты болуы мүмкін. Екіншіден, жалпы тіл деңгейіндегі белгісіздік бар: деректер аударманың екі түрлі, бір-біріне ұқсамайтын баламасына сәйкес болуы мүмкін. Бұл белгісіздік – әлдеқайда жалпылама феноменнің жекелей бір мысалы, яғни, атап айтқанда, теорияларды, соның ішінде аударма теорияларын, тек сезімдік кіріс деректері көмегімен ғана толық ашып көрсетуге болмайды. Сондықтан барлық қолда бар деректерге толық ғылыми жүйенің біреуі ғана емес, бірнешеуі сай келуі мүмкін.

Біз бұл әлемде бекітілген бір реттілік бар деген идеядан бас тартуымыз қажет. Бар нәрсе біздің қабыл алатын теориямызға тәуелді. «Бар нәрсе туралы» деп аталатын ертеректе жазылған эссесінде Куайн бұл ойды: «Болу дегеніміз – байланысты айнымалының мәні болу» деп тамаша тұжырымдады. Осы идеяны ұстана отырып, ол ғылыми теорияда белгілі бір референциясы жоқ атаулардың орын алуына жол бермеу керек деп санайтын Фреге мен Расселдің көзқарасын қолдайтынын білдірді. Расселдің сипаттау теориясы көмегімен барлық күмәнді атаулар жойылған кезде, біз «х дегеніміз... х болады» деген үлгіні қолданып, жеке тұлғаны сипаттауға болатын қабілеттерді білдіретін предикаттар жиынтығына ие боламыз. Теорияға сәйкес, бар нәрсе кванторлар жүйеленетін болмысты білдіреді. Алайда түрлі теориялар бірдей қолдау тауып, расталуы мүмкін болғандықтан, түрлі онтологиялар да ықтимал болады. Бір нәрсені бар деп айтуға болатын болса, ол әрдайым теорияға байланысты болады.

Верификация қағидасының мәртебесі мен тиянақталуы жайындағы пікірталастар да көп күттірмеді. Мұның өзі тавтология емес пе? Мұны тәжірибе жүзінде тексеруге бола ма?

Жауаптардың ешбірі көңілден шықпады. Оған қоса, ғылымның жалпы заңдары, метафизика догмаларынан кем түспей, ақтық тексеруге лайықсыз болып көрінді. Алайда олар бұрмалануға қабілетті, демек, осының өзі оларға мән беруге жеткілікті. Олай болса, біз верификация принципін фальсификация принципіне алмастыруымыз қажет пе? Бірақ біз бұлай жасайтын болсақ, бар болу туралы пайымдардың қаншалықты маңызды екенін түсіну қиын, себебі оларды біржолата бұрмалау үшін ғаламды бастан-аяқ шарлау керек. Бұл жағдайда маңыздылық өлшемін ақиқаттылығы немесе жалғандығына қатысты кейбір бақылаулар болған жағдайда ғана пропозиция бір мәнге ие болады дейтін біршама әлсіз формада қайта қарау орынды болып көрінеді. Витгенштейн верификация принципімен ішінара ғана келісті, әйткенмен, ол математикалық пропозицияның мағынасы – оны дәлелдеудің әдісі дейтін априорлы аналогын жиі алға тартып қорғайтын.

Позитивистердің пікірінше, философияның шынайы міндеті – универсалды философиялық пропозицияларды құру емес, философиялық емес пайымдарды айқындау – бұл жағынан олар Витгенштейнмен ортақ пікірді ұстанды. Осындай түсіндірменің таңдаулы әдісі: эмпирикалық пайымдар тәжірибенің тікелей жазбалары болатын қарапайым немесе «хаттамалық» пайымдарға ақиқатты-функционалды негізделіп, қалай құрылатынын көрсету. Хаттамалық пайымдарда кездесетін сөздердің мәні көрнекі анықтамадан, яғни осы сөз тағайындалған тәжірибе ерекшелігін білдіретін ишараттан туады.

Бұл бағдарлама орасан бір кедергіге тап болды. Хаттамалармен жазылған тәжірибе әр адам үшін дербес сияқты. Егер мән-мағына верификацияға тәуелді болып, әрқайсымыз осы верификацияны бізден басқа ешкімнің қолжетімділігі жоқ процессор көмегімен жүзеге асыратын болсақ, онда бір адам басқа адамның ойын қалай түсінбек? Шлик бұл мәселені форма мен мазмұнның арасындағы айырмашылық арқылы шешпек болды. Менің тәжірибемнің мазмұны – маған ұнайтын немесе басымнан өтетін нәрселер, мысалы, мен қызыл бірдеңені немесе жасыл бірдеңені көремін. Бұл менің дербес және басқаға жеткізе алмайтын тәжірибем. Бірақ тәжірибенің формасы немесе құрылымы көпшілік үшін ортақ болуы мүмкін. Мен ағашты немесе күннің батуын көрген кезде дәл осы нәрселерді көріп тұрған басқа адамдар менің ішкі сезімдеріммен бірдей сезімді бастан өткере ме, жоқ па – мен мұны біле алмаймын, бәлкім, олар ағашқа қарап тұрып, мен күннің батқанына қарап тұрғандағы сезімімді сезінетін шығар. Дегенмен біздің бәріміз ағашты жасыл, ал күннің батысын қызыл деп санауға келісіп тұрсақ, біз бір-бірімізбен байланыс жасап, ғылым тілін құруды жалғастыра береміз.

Витгенштейн бұл тұжырымға көңілі толған жоқ, ол мән-мағынаға қатысты солипсизм қаупін тудырмайтын бір шешім тапқысы келді. Ол Веналық топтан қол үзіп, біржолата Кембриджге оралды. Логикалық-философиялық трактатты кандидаттық диссертация ретінде ұсынып, Витгенштейн Тринити колледждің оқытушысы қызметіне кірісті. Ал Веналық топ өзінің антиметафизикалық бағдарламасын әрі қарай өрбітіп, атап айтқанда, Шликтің берлиндік Ганс Рейхенбахпен бірлесе редакторлық қызмет жасаған журналдың беттерінде жалғастырды. Бұл журналдың беттерінде жарық көрген идеялар Альфред Айердің 1936 жылы «Тіл, ақиқат және логика» атауымен басылып шыққан еңбегінің арқасында Ұлыбританияда кеңінен таралды. Кейіннен, сол жылы, өкінішке орай, Шликті кек сақтап, ызаланған студенті атып өлтірді де, 1939 жылы Веналық топ өз қызметін тоқтатты, ал оның ең көрнекі мүшелерінің кейбірі шетелге қоныс аударуға мәжбүр болды. Веналық топтың кейінгі буын үшін шоқтығы биік еңбегі – ешқашан топтың толыққанды мүшесі болмаған Карл Поппердің 1935 жылы жарияланған «Ғылыми жаңалық логикасы».